

АТАЛАР ЕРЛІГІНЕ ТАҒЗЫМ

Екінші дүниежүзілік соғыс өрті... Фашист басқыншыларына қарсы алапат күрес... Сол бір қиын, зұлмат кезеңді аталарымыз есіне алғысы келмейтін. Қолына қару алып, жау оғынан Отанын қорғаған сол адамдар отты жылдары елі мен жері үшін жандарын пайда етсе, аман келгендері бейбіт өмірді көріп, өмірден озды. Ал қазірде олардың санаулысы ғана арамызда жүр. Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында соғыс ардагерлері болған сондай екі тұлғаның кейінгі ұрпаққа ерліктің үлгісіндей болған жауынгерлік ғұмыр жолдары жөнінде сыр шертпекпін.



Қосыбаев Кабыл 1906 жылы Сыр бойында дүниеге келген. Кеңес Одағы құрылған алғашқы жылдары қарапайым жұмысшы ретінде түрлі шаруашылықтарда еңбек етеді.

Басқыншылар соғыс жарияланғаннан кейін 1941 жылдың 16 қазанында майданға шақырылып, Ақтөбе қаласында жасақталған «52-ші» атқыштар полкінде дайындықтан өтті. 1942 жылдың 20 ақпанынан Калинин майданына қарасты Ржев қаласы түбіндегі шайқасқа қатысады. 1942 жылдың 16 маусымынан «17-ші» гвардиялық атқыштар дивизиясында, 1943 жылдың 15 қаңтарынан «159-шы» артиллерия зениттік атқыштар полкінде, 1944 жылдың 4-ші қыркүйегінен «115-ші» атқыштар дивизиясында болды, ал 1944 жылдың 20-шы қарашасынан соғыстың соңғы күніне дейін 3-ші Беларусь майданы «367-ші» жеке пулеметтік «Смолендік» батальонында майдан шебінің талай шайқастарына қатысты. 4 рет жеңіл және орташа жарақаттар алды.

Қатарында үлгісі үшін 7 мәрте Жоғарғы Бас қолбасшыдан алғыс беріледі. III дәрежелі «Даңк» орденімен, 2 рет «Ерлігі үшін», «Кенигсбергті азат еткені үшін» және «Жауынгерлік ерлігі үшін» медальдарымен, сондай-ақ «Үздік пулеметші» белгілерімен марапатталған. Жеңісті Кенигсберг қаласында қарсы алып, елге 1945 жылдың 3-ші қарашасында оралады. Бейбіт өмірде Қызылорда облысы Қазалы ауданының орталығындағы наубайханада шебер болып жұмыс атқарды. 1983 жылы дүниеден озды. Бүгінгі таңда ұлдары үлкен отбасылы, немерелері лауазымды қызметтер атқаруда.

Ильясов Әлменбет 1925 жылы дүниеге келген. 1939 жылдың қыркүйегінен 1941 жылдың шілде айы аралығында Қазалыдағы педучилище студенті болды. 1942 жылдың тамызынан 1943 жылдың маусымы аралығында «Екпінді» колхозы мектебінің мұғалімі қызметінде жүрген 17 жастағы бозбала жас жігіт әскер қатарына шақырылады. 1944 жылдың тартып Кіші лейтенанттар



бітіргеннен кейін сол жылдары Атқыштар взводының командирі ретінде 47-Армияның 1-Беларусь майданына қатысып, «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Ұрыста ауыр жарақаттанып Саратовтағы №1680 Эвакогоспиталіне түседі. Сол кезде жазған күнделіктері балаларының қолында әлі сақтаулы. Елге жеңісті жылдың тамыз айында оралып 1947 жылға дейін жоғарыда аталған «Екпінді» мектебінің мұғалімі, оқу ісі меңгерушісі, директоры болып қызмет етті. Сол жылдан 1958 жылдың қыркүйегіне дейін «Коммунизм» колхозы мектебінің мұғалімі болды. 1948 жылдың желтоқсанынан КПСС мүшесі. 1951-1958 ж.ж. Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институттың физика-математика факультетінде білім алды. 1958-1965 ж.ж. «Бозкөл» совхозындағы №96 мектеп мұғалімі болып жүрген кездері ҚазКСР Жоғарғы Советінің грамотасымен (1961 ж.), ҚазКСР Жоғарғы Советінің құрмет грамоталарымен (1963 ж.) марапатталады. 1965-1970 ж.ж. №17 мектептің мұғалімі болса, 1970-1971 ж.ж. аудандық білім бөлімінің әдіскері болып қызмет атқарған. Ұстаздық қызметті абыройлы атқарған азаматқа 1960 жылы «Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісі, ал 1963 жылы «Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мектеп мұғалімі» құрметті атағы берілген екен. 1967 жылы қалалық Кеңестің депутаты болып сайланды. Әлменбет ата ұзаққа созылған науқастан 1971 жылы дүниеден қайтты. Көп жылдар бойы аудандық және аймақтық басылымға басшылық жасап келе жатқан Әлменбет аға Әлішев өзінің «Елге еңбегі сіңгендер» тақырыбы бойынша берілген очерк-эсседе «Табиғатынан ұстаз болып жаратылған, өмірден шынайы ұстаз ретінде өткен Әлменбет Илиясов сынды асыл азаматтардың жарқын ісі қараңғы түнде теңізге жол сілтеген шам-шырақтай мен мұндалап тұрады» деп жазған екен. Бүгінде қыздары әке жолын жалғастырып, ұстаздық өтілмен зейнеткерлікке шықса, ұлдары мен немерелері аймаққа танымал отбасылық эстрадалық ансамбльді құрып, өнер жолдарын таңдады.

Тарихта ауыр уақыт болған сол жылдарды бастан өткеріп, Отан қорғау жолында жауынгерлік істер атқарған аталар ерлігі бүгінгі Республикамыздың әрбір азаматының, МӘНГІЛІК ЕЛ ұлдары - жас буын өкілдерінің патриоттық сезімдерін ұштай түсуіне әсер ететіні даусыз.

Майдангер аталардың ғұмыр жолы ұмытылмайды!

**Алғабек ӘДІЛБЕКҰЛЫ,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік
Қазақстан мемлекеттік
университетінің «Қазақстан
тарихы» кафедрасының аға**